

## "Күршім аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 17-9 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 қазандағы N 26-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 қарашада N 4218 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 4/9-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 26.07.2016 № 4/9-VI шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты **ШЕШІТІ:**

1. "Күршім аудандық мәслихатының регламентін бекіту туралы" Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 17-9 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3349 нөмірімен тіркелген, "Рауан-Заря" газетінің 2014 жылғы 11 маусымдағы № 44, 2014 жылғы 18 маусымдағы № 46 сандарында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

atalған шешіммен бекітілген Күршім аудандық мәслихатының регламентінде :

7-тармақ жана редакцияда жазылсын:

"7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Күршім аудандық*

*мәслихаттың хатшысы*

*Ә. Нұрсадықов*

*Қ. Әбілмәжінов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК